

**№49 Қоңыртөбе жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
психологының психологиялық қызмет бойынша 2023-2024 оқу жылында
атқарылған жұмыстар есебі.**

Тамыз айында педогогикалық кеңесте ұжымды психологиялық қызметтің өткен оқу жылында атқарылған жұмыстары және жаңа оқу жылында жоспарлап отырған міндеттерімен таныстырды. Жұмысты кедергісіз жүргізу мақсатында кабинетті жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Қыркүйек айында мектепішілік ата-аналар жиналысында «Оқушылардың бейімделуі, үйде баланы білім алуын қалай ұйымдастыруға болады» тақырыбында баяндама оқылды. Сынып жетекшілер жиналысында «Баланың жас ерекшелігі және буллинг» тақырыбында лекция оқылды. Мектеп алды дайындық тобына қабылданатын балалар психодиагностикалық минимум нәтижесі бойынша мектепке қабылданды. Бірінші сыныпқа қабылданатын оқушылардың тізімін алу жинақтау, мектепке дайындығын анықтау мақсатында «Керн Йерасек» тесті алынды. 2-4 оқушыларының бейімділігін анықтау, 5-8, 9-11 сыныптары оқушыларының бейімділігін анықтау, оқушыларының таным процестеріне зерттеу жүргізіліп, түзету – дамыту жоспары түзілді. Мектепке жаңадан келген оқушыларымен әңгіме-сұхбат жүргізіліп, оларға әлеуметтік-психологиялық карта толтырылды. Әлеуметтік – педагогпен бірлесе отырып, әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың үйлеріне барып, тұрмыстық жағдайларымен танысып, ата-аналарымен (қамқоршыларымен) әңгіме-сұхбат жүргізілді.

Қазан айында 5-сынып оқушыларының орта буындағы оқу жүйесіне бейімделуіне бақылау – зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері мен ата-аналарына кеңес берілді. Зерттеу нәтижесі педогогикалық кеңесте таныстырылып, талқыланды. Үлгерімі нашар және дарынды балалардың жеке ерекшеліктеріне диагностика жүргізіліп, пән мұғалімдері мен ата-аналарға ұсыныс, кеңестер берілді. 1-4 сынып оқушыларына «Сәлеметсің бе мектеп? Бейімделу жаттығу өтті. -11 сынып оқушыларының ашушандық, қызбалық және оның қарқынын айқындау мақсатында Г Панфиловтың «Кактус», 5-7 сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау үшін кондаштың «Қобалжу», 8-11 сынып оқушыларының Г. Айзенктің «Тұлғаның психологиялық эмоциялық сферасын анықтау», 7-11 сыныптар арасында оқушылардың агрессиялық типін айқындау мақсатында Басса – даркидің «Эмоция» әдістемелері жүргізіліп, мониторинг жасалынып, түзету жұмыстары және ағарту жұмыстары, топтық және жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Директор жанындағы кеңесте Бестерек жұмысы бойынша «Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқындағы өзіндік психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқылды. Бестерек жобасы бойынша Медбике, тәрбие орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып жетекші, Йден қызметкерлерімен бірге топтық жұмыстар жасалды. Оқушыларға «Менің арманым», «Менің отбасым», «Менің ең жақын досым» эссе жаздырылды. Бітіруші сынып оқушыларын ҰБТ ға психологиялық тұрғыдан дайындау бойынша оқушылардың адамгершілік, эмпатиялық сезімдерінің деңгейін анықтау барысында «Морьолдық тұрақтылық тесті», 9 сынып оқушыларының бейіндік бағдарын анықтау мақсатында Я. Голландтың «Кәсіп таңдау», «Менің қалауым», атты дифференциалдық диагностикалық сауалнамасы алынды. Атқарылған әр бір жұмысқа анықтама жазылды.

Қараша айында 5-11 сынып оқушыларының танымдық процестерінің деңгейін анықтау барысында «Үй, адам, ағаш» прекивті әдісі. Отбасы туралы, Өз көңіл күйінді қалай басқаруға болады видеоролик көрсетілді. Жас мұғалімдермен «Мінез-құлық мәдениеті» тақырыбындағы психологиялық сабақ жүргізілді. Девиантты мінезді оқушылармен, олардың ата-аналарымен

кездесулер ұйымдастырылып, кеңестер берілді. Оқушылар арасында мінез акцентуациясын айқындау мақсатындак Шмишектің тесті алынып, нәтиже бойынша жұмыс жүргізілді.

Желтоқсан айында мектеп ұжымы арасында «Мұғалім эмпатиясы» әдістемесі жүргізілді. Осыған сәйкес 9-11 сынып оқушылары қыздары арасында «жерте жүктіліктің алдың алу» видеоролик, 2-4 сынып оқушыларымен «Ертегілер елінде» әдістемесі жүргізілді. Екі әдістеме нәтижесі сараланып, мұғалімдерге ұсыныс, кеңес берілді. 5-11 сынып арасында зорлық зомбылыққа, буллингке байланысты сауалнама, видеоролик көрсетілді. Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті жағдайлардың алдын ылу бағыты бойынша 8-11 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысында «Жасөспірімдердің арасындағы аутодеструктивті мінез-құлық пен өтпелі кезең ерекшеліктерінде болатын дағдарыстар» тақырыбында баяндама оқылды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдың алу мақсатында оқушыларға, және ата-аналарға топтық және жеке кеңес беру, ағарту, түзету жұмыстары жүргізілді.

Қаңтар айында орта буын оқушыларының жеке, тұлғалық жағымсыз мінез көрсеткіштеріне байланысты түзету жұмыстары жүргізілді. ҰБТ және ББЖМ алдында оқушылардың мазасыздану деңгейін анықтау және көмек беру мақсатында «Стрестен қалай арылуға болады?» тақырыбында тренинг жаттығулар, психологиялық сабақ өтілді.

Ақпан айында директор жанындағы кеңесте «Оқушылардың жас ерекшеліктеріндегі өзгерістер мен дағдарыстар» тақырыбында баяндама оқылды. Мектеп әкімшілігі мен әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, мектепшілік есепте тұратын және әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен сұхбат өткізілді. Әскер қатарына шақырылатын ұл балаларды мектептің әскери жетекшісі және имектеп медбикесімен бірге әскери комиссариаттан көріктен өткізілді. Наурыз айында психологиялық апталық өткізіліп, сауықтыру шаралары алып барылды. Оқушының көктем мезгіліндегі эмоциялық сферасы жағдайын қайта диагностикалау мақсатында «Сезімнің ішкі әлемі» «Интернеттің пайдасы мен зияны», Кондаштың «Қобалжу», Г. Айзенгтің «Тұлғаның эмоциялық сферасы» бітіруші сыныптармен «ҰБТ-ға арналған мотивация» телефонға тәуелділік» әдістемелері жүргізіліп, түзету жұмыстары алып барылды. Оқу дала жиынына баратын оқушылардан Айзенгтің «Темперамент», «Автопортрет» тестері алынды. Сәуір айында мектеп бітірушілерінің қарым-қатынас және эмоциялық күй жағдайын қалыптастыруға арналған түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Үйде оқытылатын дамуында психологиялық ауытқуы бар оқушылар МППК мамандарының көрігіне жіберілді. «Өз агрессияны басқара аласың ба?» Менің құндылықтарым» «Сен агрессияды қалай жеңесің», Дала жиынына баратын оқушылармен әңгіме сұхбаттар, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектепалды дайындық тобы 10 параметр бойынша зерттеліп, нәтижесі ата-аналар мен сынып жетекшісіне таныстырылып, ұсыныс кеңестер берілді. Аудандық педагог – психологтардың әдіс алмасу семинарында «Аутодеструктивті оқиғалардың алдың алу барысындағы қызметті жандандыру жолдары» тақырыбында баяндама оқылды. ҰБТ алдында психологиялық дайындығын арттыру мақсатында бітіруші сынып оқушыларына топтық және жеке кеңестер беріліп, көңіл-күйіне тұратандыру мақсатында жаттығулар жүргізілді. Мектеп түлектерінің ата-аналарына психологиялық көмек кеңестер берілді. Ерекше назардағы оқушылармен, жас мұғалімдермен, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілді.

Педагог психолог:



Ж.Аширбаев.

Г.Бейсенбаева